

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы  
ректорының 2017 жылдың  
«20» шілдедегі № 360 бұйрығына  
Қосымша

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ғылыми зерттеулердің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің және қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерделеу жөніндегі зерттеу орталығы әзірледі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қосымша білім беру және ғылыми зерттеу салаларында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нормалар жүйесін сақтау болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Академия қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың теріс салдарларын болдырмау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидалары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген

адамдардың, лауазымды адамдардың өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен оларды сатып алу;

2) мүдделер қақтығысы (ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" Заңына сәйкес) - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың анықтау, жолын кесу, тергеу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қызметі;

6. Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттары қызметкерлердің жалпы мінез-құлқының нормаларын белгілейді, іскерлік қарым-қатынас этикасын қозғайды және Академия қызметкерлерінің парасатты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған.

Мінез-құлық нормалары Академиялық саясатта, Қызметкердің этикалық кодексінде, Құпиялылық саясатында, Лауазымдық нұсқаулықтарда және Академияның өзге де ішкі құжаттарында бекітілген.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қосымша білім беру және ғылыми зерттеулер салаларында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша функционалдық міндеттерді орындау кезінде тікелей іс-қимылдар анықталған.

8. Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласында:

Академия қызметкерлері өз міндеттерін орындау барысында келесі қағидаларды ұстануы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтау;
- 2) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік, парасаттылық және заңды құрметтеу қағидаларына сәйкес білім алушылардың кәсіби дамуына ықпал ету;
- 3) Академиялық адалдық қағидаларын ұстану, авторлық құқықтарды сақтау, құпия ақпаратты таратпау;
- 4) педагог қызметкердің мәртебесін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;
- 5) өз функционалдық міндеттерін адал және сапалы орындау;
- 6) қаржы-шаруашылық қызметті және мемлекеттік сатып алу процестерін жүзеге асыру кезінде заңдылықты және ашықтықты сақтау;

- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қолдануға, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдық пен әділеттілік үлгісін көрсету;
- 8) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеу;
- 9) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеу, өз әріптестерінің тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесу бойынша күш салу;
- 10) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмау, оған төзімділікпен қарау, кемшіліктерді жою және өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сын-қатерді пайдалануға жол берілмейді;
- 11) функционалдық міндеттерді адал атқаруға кедергі келтіретін жеке, мүліктік және өзге де мүдделердің әсерінен туындаған іс-әрекеттерді болдырмау;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функционалдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу. Егер қызметкерге сыйлықтар қабылдау ұсынылса, онда ол өзінің басшысы мен басшылығына хабарлауы тиіс;
- 13) барлық білім алушыларға әділ және бірдей мейірімді болу;
- 14) жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында өз өкілеттігінен және соған қатысты мүмкіндіктерден аспау;
- 15) Айналасындағылардың көзіне Академия мүддесіне немесе өз атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға немесе соған қатысуға дайын адамдай көрінуден сақтану.

#### 9. Ғылыми зерттеулер саласында:

Академия қызметкерлері өз міндеттерін орындау барысында келесі қағидаларды ұстануы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтау
- 2) зерттеу этикасын мүлтіксіз сақтау;
- 3) ғылыми қызметкердің қызметіне беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;
- 4) Академиялық адалдық қағидаттарын ұстану, авторлық құқықтарды сақтау, құпия ақпаратты таратпау;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметті және мемлекеттік сатып алу процестерін жүзеге асыру кезінде заңдылықты және ашықтықты сақтау;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қолдануға, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдық пен әділеттілік үлгісін көрсету;
- 7) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін барлық шараларды қолдану және жағдайды теріс пайдаланудың кез келген әрекеттерінің жолын кесу;
- 8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмау, оған төзімділікпен қарау, кемшіліктерді жою және өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сын-қатерді пайдалануға жол берілмейді;
- 9) лауазымдық міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін жеке, мүліктік және өзге де мүдделердің әсерінен туындаған іс-әрекеттерді болдырмау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функционалдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу. Егер қызметкерге сыйлықтар қабылдау ұсынылса, онда ол өзінің басшысы мен басшылығына хабарлауы тиіс.

10. Тыныс-тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде Академия қызметкерлері келесі қағидаларды ұстануы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын қатаң сақтау;

2) Академия басшыларының өкілеттігі шегінде бекітілген бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

3) келесі жағдайларда қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету:

даму жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерге келісім беру және бекіту;

мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

акша қаражаты мен материалдық құндылықтардың жұмсалуды және сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

материалдық қорлар мен негізгі құралдарды беру және есептен шығару, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау жөніндегі бастапқы құжаттарды рәсімдеу.

4) қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықты және ашықтықты сақтау;

5) меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету, жұмысқа қабылдау кезінде заңнамада көзделмеген артықшылықтар бермеу, жеке қарым-қатынастар қызмет бабында жоғарылату, көтермелеу, жазалау немесе жұмыстан босату, кадр және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін негіз болмауға тиіс;

6) дербес деректерді өңдеу кезінде ақпарат пен материалдарды үшінші тарапқа бермеу, өз міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған қызметтік құжаттама мен ақпараттың құпиялылығын сақтау;

7) Академияға зиян келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұру;

8) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функционалдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеуге міндетті. Егер қызметкерге сыйлықтар қабылдау ұсынылса, онда ол өзінің басшысы мен басшылығына хабарлауы тиіс.

10) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ өзге де шектеулер мен тыйымдарды бұзбауға қарамастан, сыйлықтар алу немесе сыйға тарту құпталмайды:

одан әрі Академияның немесе оның қызметкерлерінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін;

жүйелі сипатқа ие (жалпы қабылданған себептер мен ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелерге байланысты емес белгілі бір кезең ішінде бір адамдардан немесе белгілі бір адамдардан ала беру);

қызметкерлердің жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында өз өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен осы адамдарды сатып алу ретінде бағалануы мүмкін.

11) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, меншікті ұтымды, тиімді пайдалану;

12) қол астындағыларды сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлеуге;

13) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

14) тікелей басшыны, сондай-ақ жетекшілік ететін вице-ректорларды келесі жағдайларда дереу хабардар ету:

қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайларында;

Академияның басқа қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау жағдайлары туралы қызметкерге белгілі болғанда;

жалпы Академия қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда;

қызметкердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі болғанда немесе туындаған жағдайда.

11. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт келесілерді қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдануға бағытталған нормалар жүйесі;

2) мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама.

12. Басшы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ұстану (ұстанбауу) туралы ақпарат Академия қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау және аттестаттау кезінде қолданылады.